

**"Ақтөбе облысының өзендері Ор, Ойыл, Қобда мен оның салаларына және шағын су қоймаларының (Ащыбек, Мағаджан, Қызылсу, Әулие, Айталы) су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2013 жылғы 16 қыркүйектегі № 299 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 487 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 05 ақпанда № 4740 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2013 жылғы 16 қыркүйектегі № 299 "Ақтөбе облысының өзендері Ор, Ойыл, Қобда мен оның салаларына және шағын су қоймаларының (Ащыбек, Мағаджан, Қызылсу, Әулие, Айталы) су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3651 тіркелген, "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде 2013 жылғы 17 қазанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

қаулының кіріспе бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39-бабына, 116-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11838 тіркелген) бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**".

2. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК